

БҮЙРЫҚ

Орал қ.

№ 31-3 ө/б

12 мамыр 2022 ж.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Занына сәйкес, **БҮЙРАМЫН:**

1. «Жайық Пресс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Осы бұйрықтан туындайтын басқа да шаралар жүзеге асырылсын.
3. Саясатың қатаң сақталуына бақылау жасау кадр маманды 3. Шарафутдиновке жүктелсін.

Директор



Т. Сапаров

БЕКІТЕМІН
«Жайық Пресс» ЖШС
Бағдиректоры

Т.Сапаров
2022ж.

**«Жайық Пресс» ЖШС-і ұйымындағы
сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат**

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Жайық Пресс» ЖШС-і ұйымындағы (одан әрі – серіктестік) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заннамасына сәйкес әзірленген.

2. Осы саясат:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттар мен міндеттерді;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын;

3) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заннамасының талаптары және оны орындау жөніндегі міндеттемелерді;

4) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешенін;

5) осы саясатты сақтау үшін жауапкершілікті белгілейді.

3. Осы саясаттың негізгі мақсаты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, зерделеу, шектеу және жою жөніндегі шаралар жүйесін әзірлеу және енгізу, саясат субъектілерінің төзбеушілігін, ұйымның және оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мінез-құлықтың жоғары стандарттарына бейілділігін сипаттайтын ұйымдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, іскерлік беделді нығайту және ұйымға деген сенімді арттыру болып табылады.

2. Қолдану саласы

4. Осы Саясат серіктестіктің бағыт лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің танысуы және мұлтіксіз сақтауы үшін міндетті болып табылады.

5. Осы Саясат серіктестіктің ресми сайтында орналастырылуы тиіс.

3. Терминдер және анықтамалар

6. Осы саясатта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

- 1) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заннамасы – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан

Республикасының Заны және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзге де нормативтік құқықтық актілер;

2) лауазымды тұлға - үйым директорлары, олардың орынбасарлары немесе үйымның негізгі функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға;

3) серіктестіктің этикалық кодексі - корпоративтік мәдениетті дамытуға және үйымның беделін нығайтуға бағытталған құндылықтарды, мінез-құлықтың негізгі қағидаттары мен стандарттарын белгілейтін үйымның ішкі күжаты;

4) мұдделер қақтығысы - лауазымды тұлғалардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамаудың әкеп соғуы мүмкін;

5) сыйбайлас жемқорлық - серіктестіктің лауазымды тұлғаларының өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) иғліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты иғліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды парага сатып алуы;

6) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық - бұл үшін заңмен әкімшілік және қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

7) сыйбайлас жемқорлық тәуекелі - сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

8) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл - серіктестіктің өз өкілеттіктері шегіндегі сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде үйымдарда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарын жою жөніндегі қызметі;

9) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу - алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі үйымның қызметі;

10) қызметкерлер - үйымдармен еңбек қатынастарында тұратын жеке тұлғалар.

7. Осы Саясатта қолданылатын, бірақ ашылмаған анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасында, Серіктестік жарғысында және өзге де ішкі күжаттарында пайдаланылатын анықтамаларға сәйкес келеді.

4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсат пен міндеттер

8. Серіктестікте сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты атқаратын лауазымына қарамастан, үйымның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін сыйбайлас жемқорлық қызметке тарту тәуекелін барынша азайту болып табылады.

9. Осы Саясат қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

1) серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінде кез келген сыйбайлас жемқорлық көріністеріне мулдем төзбеушілік түсінігін қалыптастыру;

2) серіктестікке, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге қолданылуы мүмкін Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннамасының негізгі талаптарын қорыту және түсіндіру;

3) серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннамасының, осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын білу және сақтау, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болғызбау жөніндегі тиісті рәсімдерді жүзеге асыру міндеттін белгілеу;

4) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимыл жасауға, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарларын барынша азайтуға және (немесе) жоюға бағытталған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды әзірлеу және енгізу.

5. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары

10. Серіктестікте сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары:

1) сыйбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік — ұйымдар өз қызметін жүзеге асыру кезінде кез келген нысандар мен көріністерде сыйбайлас жемқорлықты толық қабылдамау қағидатын ұстанады. Сыйбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мулдем төзбеушілік қағидаты ұйымның атынан немесе онын мұддесінде тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе қандай да бір делдалдық арқылы әрекет ететін ұйымның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға қатан тыйым салуды білдіреді;

2) қызметкерлерді тарту - ұйымдар өз лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннамасының ережелері туралы хабардар етеді және олардың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуын қолдайды;

3) жазанын бұлтартастыры - ұйымдар өздерінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өзге де жағдайларға қарамастан ұйымдардың қызметкерлерін жазалаудың бұлтартастыры туралы мәлімдейді;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің тиімділігі — ұйымдар рәсімдерді барынша ашық, айқын, орындалатын етуге тырысады, бұл оларды іске асырудын карапайымдылығын және манызды нәтиже алушуды қамтамасыз етеді;

5) тиісті сақтық - ұйымдар үшінші тұлғаларды және жұмысқа орналасуға үміткерлерді олардың сенімділігі, сыйбайлас жемқорлықты қабылдамау және мұдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан тексеруді іскерлік/енбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдағанға дейін жүзеге асырады;

6) өзара іс-қимыл және үйлестіру - ұйымдар мемлекеттік органдармен және ұйымдардың үшінші тұлғаларымен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесінде іс-қимылды үйлестіруді қамтамасыз етеді.

6. Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары және оны орындау жөніндегі міндеттемелер

11. Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес жауапкершілік көзделген сыйбайлас жемқорлық қылмыстар/құқық бұзушылықтар мыналар болып табылады (бірақ санамаланғандармен шектелмейді):

- 1) лауазымды адамның сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алуы не ысырап етуі, егер бұл әрекеттер оның қызмет бабын пайдаланумен ұштасса;
- 2) лауазымды тұлғаның қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті жария етуі (жылыстатуы), егер осы іс-әрекет өзінің қызмет бабын пайдаланумен байланысты болса;
- 3) лауазымды тұлға жасаған экономикалық контрабанда, егер осы іс-әрекет оның өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса;
- 4) лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану, билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану;
- 5) кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу;
- 6) пара алу, пара беру, паралыққа делдал болу;
- 7) қызметтік жалғандық;
- 8) қызмет бойынша әрекетсіздік;
- 9) билікті теріс пайдалану, билікті асыра пайдалану немесе әрекетсіздік;
- 10) немісуралылық;
- 11) жеке және заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі;
- 12) лауазымды тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы алуы;
- 13) бұрын сыйбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмыска қабылдау.

12. Серіктестік, оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын, сондай-ақ осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтауға міндетті. Осы Саясатты іске асыру кезінде ұйымдар оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе үшінші тұлғалар арқылы сыйбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуына тыйым салынатынын негізге алады, сондай-ақ:

- 1) пара беруді ұсыну, уәде ету немесе жүзеге асыру, яғни, қандай да бір адамды өзінің лауазымдық міндеттерін тиісті турде орындаудаға итермелуе ниетімен кез келген қаржылық немесе өзге пайданы/артықшылықты беру немесе беруге уәде беру;
- 2) пара алуды талап ету, келісу немесе қабылдау, яғни өз лауазымдық міндеттерін тиісінше орындағаны үшін кез келген қаржылық немесе өзге де пайда/артықшылықты алу немесе оған келісім беру;

3) қолданыстағы заннамада көзделгендерден басқа төлемдерді ұсыну, уәде ету немесе жүзеге асыру, мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ белгіленген рәсімдерді жеделдету немесе оңайлату үшін оларға тәсестірлген адамдарға сыйлықтар ұсыну;

4) төлемдер белгіленген рәсімдерді жеделдету немесе женілдету үшін пайдаланылуы мүмкін деген күдік болған кезде үшінші тұлғаларға төлемдерді ұсыну, уәде беру немесе жүзеге асыру;

5) жеке пайда табудың орнына ұйымдарда жұмысқа орналасуды ұсыну, уәде беру немесе ұсыну (оның ішінде уақытша негізде);

6) үшінші тұлғалардан артық немесе жалған төлемдерді қабылдауға немесе алуға ықпал ету;

7) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заннамасының талаптарына және ұйымның ішкі құжаттарына қайшы келетін сыйлыктар немесе конақжайлылық белгілерін беру немесе алу.

13. Серіктестіктің лауазымды тұлғалары өздерінің кәсіби қызметінде келесі мінезд-құлық нормаларын қатаң сактауы тиіс:

1) Қазақстан Республикасы заннамасының және осы Саясаттың талаптарын орындау;

2) іскерлік катынастарда адал және әдепті болу, лауазымдық міндеттерді жүргізуін кез келген жосықсыз тәсілдерінен аулақ болу;

3) серіктестіктің беделін тусіретін әрекеттерді жасауға жол бермеу;

4) серіктестіктің қызметтік жағдайын және құпия ақпаратын, материалдық және материалдық емес активтерін жеке мақсатта пайдаланбау;

5) құқыкқа сыйымсыз әрекеттерге не олардың занылышы мен әдептілігіне күдік тұлышруы мүмкін әрекеттерге жол бермеу;

6) әрілтестерден сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары құқықтық мәдениетті сактауды тарап ету және қолдау;

7) кәсілкерлік қызметті және (немесе) табыс алумен байланысты өзге де қызметті жүзеге асыру барысында біреуге көмек көрсетуден бас тартуға;

8) басқа қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелемеу және осындай әрекеттерді көтермелемеу;

9) мұдделер қактығысы болған кезде лауазымдық міндеттерді жүзеге асырмау.

14. Серіктестік қызметкерлері:

1) серіктестіктің мұддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудан және (немесе) оған қатысадан аулақ болуға;

2) серіктестіктің мұддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға немесе оған қатысуға әзірлік ретінде айналасындағылар түсіндіруі мүмкін мінезд-құлыктан аулақ болуға;

3) қызметкердің мұдделер қактығысының туындау мүмкіндігі не туындауы туралы тікелей басшысынча хабарлауға міндетті.

Оз іс-әрекеттерінің дұрыстығына қатысты немесе кез келген басқа мінезд-құлық нормалары бойынша күмән туындаған жағдайда ұйымның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері ұйымның жоғары түрған басшылығына жүгіне алады.

7. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешені

15. Серіктестік қызметінің кейбір салаларында сыбайлас жемқорлық тәуекелі туындауы мүмкін. Мұндай салаларға жатады, бірақ санамаланғандармен шектелмейді:

- 1) үшінші тұлғаларды тарту және үшінші тұлғаларға төлемдерді жүзеге асыру;
- 2) сыйлықтар және өкілдік шығыстар;
- 3) персоналды басқару.

8. Үшінші тұлғаларды тарту және үшінші тұлғаларға төлемдерді жүзеге асыру

16. Серіктестік Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, осы саясаттың қағидаттараты мен талаптарын бұзатын немесе үйым үшін іскерлік беделін жоғалту тәуекелін туғызатын үшінші тұлғаларды тартудан тартынады.

17. Үшінші тұлғалармен іскерлік ынтымақтастықты бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдаудың алдында үйымның үшінші тұлғаларды тартуға бастамашы болатын тиісті құрылымдық бөлімшелері:

1) серіктестік тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алушы үйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулығында белгіленген рәсімдерді сактауға;

2) келесі рәсімдерді жүргізу арқылы (мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) үлінші тұлғалардың сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мониторингін жүзеге асыруға міндетті:

- өзінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттары мен рәсімдерінің болуын тексеру, осы Саясаттың талаптарын сактауға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында өзара ынтымақтастықты жүзеге асыруға дайын болу;

- іскерлік беделді және мұдделер кактығысының болмауын тексеру;

- жалған кәсілкерлік, сенімділік, салықтық және өзге де берешектің, ақша қаражаты көзінің болуын, сондай-ақ тиісті үәкілетті мемлекеттік органдар мен үйымдарға (Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және басқалар) сурау салулар жіберу арқылы қылмыстық жолмен алынған қаражат жөнелтілетін банктің, юрисдикцияның мәніне тексеру;

3) жасалатын мәмілелерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені енгізуге міндетті.

Серіктестік өз таралынан сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жағдайда үшінші тұлғалармен мәмілелерді бұзу құқығын өзіне қалдырады.

4) Осы Саясаттың қағидаттары мен талаптары туралы үшінші тұлғаларды хабардар етуге міндетті.

18. Серіктестік үшінші тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттар мен әсімдерді, сондай-ақ мінез-құлық стандарттарын қабылдаудың күптайты.

19. Серіктестік жүзеге асыратын сатып алудың кез келген әлеуетті қатысушысынан сыйлықтар мен қонақжайлық белгілерін қабылдауға тыйым салынады. Іскерлік сыйлықтың немесе іс-шараның осы Саясаттың талаптарына сәйкестігіне күмән туындаған жағдайда, лауазымды тұлғага немесе үйым қызметкеріне үйымның тікелей жоғары тұрған басшысынан кеңес алу керек.

10. Персоналды басқару

20. Серіктестік кадрлық шешімдер қабылдау кезінде объективтілік және адалдық қағидаттарын ұстанады. Персоналды, үйымды жалдау, бағалау, жоғарылату және жұмыстан босату кезінде сыйайлар жемқорлық тәуекелдерін болдырмау максатында:

1) белгіленген тәртіплен персоналды іріктеу мен жалдаудың ашық рәсімдерін және лауазымға тиісті біліктілік талаптарын әзірлейді және бекітеді;

2) енбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдау алдында кандидаттардың сенімділігі және мүдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан оларды жұмысқа орналастыруға тексеруді жүзеге асырады;

3) өзінің қызметінің түйінді көрсеткіштерінің және кәсіби жетістіктерінің нәтижелілігін негізге ала отырып, персоналдың қызметін бағалауды және сыйакы төлеуді жүргізеді;

4) қызметкердің іскерлік қасиеттері мен біліктілігі негізінде жоғары тұрған лауазымға жоғарылату туралы шешім қабылдайды;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша қызметкермен енбек қатынастарын бұзу рәсімін жүзеге асырады.

21. Серіктестіктің лауазымды тұлғаларының/қызметкерлерінің сыйайлар жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісімін үйымның сыйайлар жемқорлыққа қарсы стандартына сәйкес үйымдарда кадр саясатын қалыптастыруға және қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық белімше лауазымға кірісken/жұмысқа қабылдаған күннен бастап 5 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде белгілейді.

22. Серіктестіктің лауазымды тұлғаларының/қызметкерлерінің сыйайлар жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамауы жұмысқа қабылдаудан бастартуға немесе жұмыстан шығаруға әкеп соғады.

23. Серіктестіктің лауазымды тұлғаларының/қызметкерлерінің сыйайлар жемқорлыққа қарсы шектеулерді сактамауы қылмыстық жазаланатын іс-эрекет және әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайларда өкілеттіктерді тоқтату/жұмыстан шығару үшін негіз болып табылады.

11. Мүдделер қақтығысын болдырмау және шешу

24. Мүдделер қақтығысын басқару сыйайлар жемқорлыққа қарсы маңызды тетіктердің бірі болып табылады. Үйымдар мүдделер қақтығысына байланысты тәуекелдерді іске асырудын алдын алуға және оларды реттеуге көп көңіл бөледі.

25. Серіктестіктең лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде үйымның мүдделерін басшылыққа алуға және олардың жеке мүдделері үйымның мүдделеріне қайши келетін жағдайлардан немесе жайлардан аулак болуға міндетті. Мүдделер қақтығысы туындаған (немесе оның туындау мүмкіндігі) жағдайда үйымның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері осы ақпаратты үйымның тікелей басшысына не жоғары тұрған басшылығына жазбаша нысанда жеткізуге міндетті.

26. Серіктестік Қазақстан Республикасы заннамасының талаптарына және үйымның ішкі құжаттарына сәйкес үlestes тұлғаларды міндетті түрде есепке алуды жузеге асырады.

12. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау

31. Серіктестік жыл сайын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіреді бағалауды жүргізеді, сондай-ақ үйымның тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарына сәйкес оларды барынша азайту жөнінде шаралар өзірлейді.

32. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалаудың мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтамау тәуекелдеріне үшыраған және үйымның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің жеке пайда алу мақсатында да, сондай-ақ үйымның пайдасын алу мақсатында да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау ықтималдығы жоғары Үйым қызметінің түрлерін анықтау болып табылады.

33. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру, бағалау сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау негізінде жүргізіледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг

34. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг - үйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл саласындағы құқық колдану практикасының жай-күйіне, сондай-ақ үйымның сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдауы мен бағалауына қатысты ақпаратты жинау, өндеу, жинақтап-қорыту, талдау және бағалау жөніндегі қызметі.

35. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мәні үйымның қызметі болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті үйым өз бастамасы бойынша жүргізеді, оның нәтижелері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған шараларды жетілдіру үшін негіз болып табылуы мүмкін.

36. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері бойынша үйымның құрылымдық белімшелерінің қызметін зерделеу;

2) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша бұқаралық ақпарат қуралдарындағы жарияланымдарды және жеке және занды тұлғалардың өтініштерін зерделеу;

3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша әлеуметтік сауалнамалардың нәтижелерін қарау негізінде жүргізіледі.

37. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелері жинақтау үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жіберілуі мүмкін.

38. Серіктестік сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингін жүргізу кезінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті жүргізу қағидаларын басшылыққа алады.

14. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау

39. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау (бұдан әрі - талдау) деп сыйбайлас жемқорлық құқық бузушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу жөніндегі қызмет түсініледі.

40. Талдау жүргізу туралы шешімді ұйым басшысы, оның ішінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері негізінде қабылдайды.

41. Талдау объектісі ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің қызметі болып табылады және келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) құрылымдық бөлімшенің қызметін қозғайтын ішкі құжаттарда сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) құрылымдық бөлімшенің ұйымдастыруышылық-басқарушылық қызметінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

42. Құрылымдық бөлімшенің қызметін қозғайтын ішкі құжаттарда сыйбайлас жемқорлық құқық бузушылыктарды жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілдектіктер мен нормалар анықталады.

43. Құрылымдық бөлімшенің ұйымдастыруышылық-басқарушылық қызметінде:

- персоналды басқару. оның ішінде кадрлардың ауысуы;
- мұдделер қақтығысын реттеу;
- мемлекеттік қызметтер көрсету;
- құрылымдық бөлімшенің функцияларын іске асыру;
- бөлімшенің ұйымдастыруышылық-басқарушылық қызметінен туындастырылған жағдайлардың анықталған тәртіппен жүзеге асырылады.

44. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

45. Кез келген сыйбайлас жемқорлық схемасы үшін тәуекелге төзімділіктің нөлдік деңгейі қабылданы және арбір жағдайда ұйым ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталғач сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту бойынша шаралар өзірлейді.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру мен бағалауды жүргізу, оларды барынша азайту жениндегі шараларды өзірлеу тәртібі осы Саясатпен және ұйымның езге де ішкі құжаттарымен регламенттеледі.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

46. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар - ұйымның бүйірлігімен бекітілген ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартына сәйкес сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұйым қызметі үшін белгіленген ұсынымдар жүйесі.

47. Серіктестіктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты ұйымда жұмыс істейтін адамдардың оларды мұлтіксіз сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған іс-әрекеттері мен шешімдерін айқындауды.

48. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт ұйымның ішкі құжаттарын әзірлеу кезінде ескеріледі.

49. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері::

1) серіктестікте жұмыс істейтін адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрғыты мінез-құлқын қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтау және олардың жағымсыз салларының алдын алу;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру.

50. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру - ұйымда сыбайлас жемқорлыққа тәзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту жөніндегі ұйымның қызметі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру Ұйымның әрбір қызметкерінің борышы болып табылады және ұйымда түсіндіру жұмыстарын жүргізу және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шаралар арқылы жүзеге асырылады.

51. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру - тұлғаның адамгершілік, зияткерлік, мәдени тұрғыдан дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудағы белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбие мен оқытудың уздіксіз процесі.

16. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды қызметтік тергеп-тексерулер

53. Серіктестікте сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы барлық хабарламалар бойынша ақылға конымды мерзімдерде ұйымның тиісті құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен тексеру не қызметтік тергеп-тексеру жүргізіледі.

54. Егер қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық фактісі анықталған жағдайда, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мұлдем тәзбеушілік қағилатын негізге ала отырып, еңбек қатынастарын бұзуга және материалдарды тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға беруге дейін түзету шараларын қабылдау тергеп-тексеруді аяқтау болып есептеледі.

18. Өзара ынтымақтастық

55. Серіктестік өзара түсіністік қағидаты негізінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, сондай-ақ үшінші тұлғалармен ынтымақтасады:

1) сыйбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтар жасау жағдайлары туралы ақпарат беру;

2) сыйбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу кезінде жәрдемдесу;

3) серіктестіктің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау мәселелері бойынша қызметіне тексеру жүргізу және сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша бірлескен іс-шараларды әзірлеу кезінде үйлестіру жолымен жүзеге асырылады.

19. Жауапкершілік

56. Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін Казакстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауаптылықта болады.

57. Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін тиісті шаралар қолданылатын болады және ұйымдар алдындағы материалдық залалды өтеуден босатылмайды.

58. Осы Саясат талалтарының орындалуына ұйымның лауазымды тұлғалары, қызметкерлері және құрылымдық бөлімшелері өз құзыреті шегінде жауапты болады.
